

Д. ОСПАНОВА¹, Н. АИТОВА², В. СҰЛТАНЗАДЕ³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: nurly72@mail.ru

³филология ғылымдарының докторы, профессор

Шығыс Жерорта теңізі университеті

(Туркия Кинр Республикасы, Фамагуста қ.), e-mail: vugar.sultanzade@emu.edu.tr

ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭМОТИВТІЛІГІ ЖӘНЕ ЭМОТИВТІ ВАЛЕНТТІЛІГІ

Андатпа. Қазіргі лингвистикада эмотивті лексика қызметінің ұлттық-мәдени мазмұнын зерттеуге назар қойылуда. Тіл бірліктерінің семантикалық сипатын түсінуде бұл ерекше маңызды. Дегенмен мұндай лексикалық бірліктерді тіркесімдік қабілеті мен оның синтаксистік қызметі тұрғысынан қарастыру көп нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мақалада эмотивті бірліктер лексикология, семасиология және коммуникативтік лингвистика аспектісінде зерделенген. Мақаланың мақсаты эмотивті сөздердің валенттілігін зерттей отырып, оны лингвистикалық негіздеу және коммуникативтік мәнін ашу болып табылады. Эмотивті тіркесімдегі тілдік бірліктер өзге бірліктермен байланысқа түсу арқылы өзінің эмотивті қызметін жүзеге асыруға қабілетті болатыны көрсетілген. Бұл эмотивті валенттілікте сөйлеудегі тілдік бірліктердің эмоционалды-экспрессивті және экспрессивті-стилистикалық үйлесім заңдылығы туралы идеяны одан әрі дамыта түсетіні белгілі. Мақалада авторлар сөздің эмотивті валенттілігінің құрылымдық және функционалдық аспектілерін қарастыра отырып, эмотивті валенттілікті зерттеу тәсілдеріне тоқталған. Соның ішінде сөздің эмотивті валенттілік типтері мен валенттілік қабілетінің ашылу механизмдері талданған. Зерттеу нысаны – сөз семантикасының эмотивті компоненттері. Дереккөз ретінде негізгі талдау материалдары қазақ тілінің ұлттық корпусынан, сондай-ақ көркем әдебиеттерден алынды. Зерттеу барысында дербес сөздің контексте немесе сөзбен тіркесу арқылы эмотивке айналатыны дәйектелді. Эмотивтіліктің негізгі бір тәсілі валенттілік болып табылатыны туралы ғылыми тұжырым қазақ тіл білімінде бұрын тиісінше талдауға алынып, зерттеулерде берілмеген. Сөздің валенттілігін зерттеу бағытында теориялық және практикалық жұмыстардың аздығы осы тақырыптың өзектілігі мен эмотивті валенттіліктің зерттелу қажеттілігін көрсетеді. Жұмыс барысында кез келген сөздің эмотивтілігі динамикалы екендігі, яғни лексикалық бірліктердің өзекті, әлеуетті жағдайға сай пайда болатын эмоционалды-мағыналық көпваленттілігі жөнінде болжам жасалды.

Кілт сөздер: эмотивтілік, эмотивті валенттілік, эмотив, лексика, семантика.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Оспанова Д., Аитова Н., Сұлтанзаде В. Тілдік бірліктердің эмотивтілігі және эмотивті валенттілігі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 145–155. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.12>

*Cite us correctly:

Ospanova D., Aitova N., Sultanzade V. Tildik birlikterdin emotivtiligi jane emotivti valenttiligi [Emotiveness and Emotive Valence of Language Units] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 145–155. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.12>

D. Ospanova¹, N. Aitova², V. Sultanzade³

¹PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Sh. Shayakhmetov National Scientific and Practical Center «Til-Kazyна»
(Kazakhstan, Astana), e-mail: nurly72@mail.ru

³Doctor of Philological Sciences, Professor
Eastern Mediterranean University
(Turkish Republic of Northern Cyprus, Famagusta), e-mail: vugar.sultanzade@emu.edu.tr

Emotiveness and Emotive Valence of Language Units

Abstract. In modern linguistics, attention is paid to the study of the national and cultural content of the activity of emotional vocabulary. This is especially important in understanding the semantic nature of language units. However, considering such lexical units from the point of view of their combined ability and syntactic function allows us to achieve more results. Therefore, in this article, emotive words are studied in the aspect of semasiology and communicative linguistics. The purpose of the article is to study the valence of emotive words, their linguistic justification and reveal their communicative essence. It is planned to show that language units in an emotive combination are able to carry out their emotional activities by communicating with other units. It is known that this emotive valence further develops the idea of the regularity of emotional-expressive and expressive-stylistic harmony of language units in speech. In the article, the authors touched upon approaches to the study of emotional valence, considering the structural and functional aspects of emotional valence of a word. In particular, the types of emotive valence of a word and the mechanisms of opening valence abilities are analyzed. The object of research is the emotive components of word semantics. As a source, the main analytical materials were taken from the National Corpus of the Kazakh language, as well as fiction. In the course of the study, it was proved that an independent word is transformed into an emotive one in context or in combination with a word. The scientific conclusion that one of the main ways of emotiveness is Valence in Kazakh linguistics has not previously been properly analyzed and given in research. The small number of theoretical and practical works in the direction of studying the valence of a word indicates the relevance of this topic and the need to study emotive valence. In the course of the work, it was assumed that the emotiveness of any word is dynamic, that is, the emotional and semantic multiplicity of lexical units that occurs in accordance with the current, potential situation.

Keywords: emotiveness, emotive valence, emotive, vocabulary, semantics.

Д. Оспанова¹, Н. Аитова², В. Сұлтанзаде³

¹Докторант Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: dana.zhanabekkyzy@gmail.com

²кандидат филологических наук, доцент
Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова
(Казахстан, г. Астана), nurly72@mail.ru

³доктор филологических наук, профессор
Восточно-Средиземноморский университет
(Турецкая Республика Северного Кипра, г. Фамагуста), e-mail: vugar.sultanzade@emu.edu.tr

Эмотивность и эмоциональная валентность языковых единиц

Аннотация. В современной лингвистике уделяется внимание изучению национально-культурного содержания деятельности эмотивной лексики. Это особенно важно в понимании семантического характера единиц языка. Однако рассмотрение такой лексической единицы с точки зрения ее сочетательной способности и ее синтаксистской деятельности позволяет

добиться большего результата. Поэтому в данной статье эмотивные единицы изучены в аспекте семасиологии и коммуникативной лингвистики. Целью статьи является изучение валентности эмотивных слов, их лингвистическое обоснование и раскрытие коммуникативной сущности. Предусмотрено показать, что языковые единицы в эмотивной комбинации способны осуществлять свою эмотивную деятельность путем контакта с другими единицами. Известно, что в этой эмотивной валентности еще больше развивается представление о закономерности эмоционально-экспрессивного и экспрессивно-стилистического сочетания языковых единиц в речи. В статье авторы остановились на подходах к изучению эмотивной валентности, рассматривая структурно-функциональные аспекты эмотивной валентности слова. В том числе проанализированы типы эмотивной валентности слова и механизмы раскрытия валентной способности. Объект исследования – эмотивные компоненты семантики слова. В качестве источников основные аналитические материалы взяты из Национального корпуса казахского языка, а также из художественной литературы. В ходе исследования было доказано, что самостоятельное слово превращается в эмотив в контексте или в сочетании со словом. Научный вывод о том, что одним из основных способов эмотивности является валентность, ранее был проанализирован и не представлен в исследованиях. Малочисленность теоретических и практических работ в направлении изучения валентности слова свидетельствует об актуальности данной темы и необходимости изучения эмотивной валентности. В ходе работы было высказано предположение, что эмоциональность любого слова динамична, т.е. эмоционально-смысловая многозначность лексических единиц, возникающая в соответствии с актуальной, потенциальной ситуацией.

Ключевые слова: эмотивность, эмотивная валентность, эмотивтер, лексика, семантика.

Кіріспе

Тіл – адам ойы мен эмоциясын түсіну және түсіндіру кілті: адам оны атайды, білдіреді, сипаттайды, пікір қосады, құрылымдайды, категориялайды, жіктейді. Тіл белгілі лингвомәдени элементтің эмоционалды бейнесін ұйымдастырады.

Ғалымдардың болжауынша, қазіргі ғылымда «тіл және эмоция» мәселесін тәпсірлеу бірнеше бағыт шеңберінде жүзеге асады: құрылымдық-семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, когнитивті, психолінгвистикалық, лингвомәдениеттану. Мұндай көппарадигмалық бұл саланың нысанды бірден әртүрлі бағыт бойынша қарастырып, нысанға кешенді түрде көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Ал тілдегі эмотивтілік – таза лингвистикалық сипаттан пәнаралық кешенділікке бет бұрған сүбелі ғылым салаларында қолға алына қоймаған тың да күрделі тақырып.

Тілдің эмотивті коды – коммуниканттардың психикалық (эмоционалды) күйі корреляциясы және оның концептуализациясы (тілге түсуі, вербалдануы) арасындағы семиотикалық жүйе.

Эмоция барлық адамдарға тән. Ол адамның тіліне, ұлттық ерекшеліктеріне тәуелді болмағанымен, бәріне қатысты. Демек эмоцияның білдірілуі мен қабылдануы, мән-мазмұны мен бағыты өзіндік мәдени сипатқа ие. Әрине, ол сипат, ол ерекшелік тіл мен сөйлесімде көрініс табады. Тіпті ғалымдардың өзі де белгілі бір оқиғаға әртүрлі мәдениет өкілдері әртүрлі эмоциямен қарайтынын дәлелдеген. Т.В. Ларина өз еңбегінде жеке қарым-қатынастағы мәселелерге еуропалықтарға қарағанда, жапондықтар көбіне мұнды сезіммен қарайтынын мысал етеді [1, 97-б.]. Яғни эмоцияны білдіруде әр халықтың өзіндік мәдени ерекшеліктері бар екені анық. Бір халық эмоцияны еркін түрде білдіретін болса (мысалы, арабтар, латынамерикалықтар), ал екінші бір халықта сезімге ерік бермеу, эмоцияны

білдірмеу жақсы қасиет ретінде бағаланады (фин, эстон, ағылшындықтар, әсіресе, қытай, жапон халықтары). Яғни тілдердегі эмотивті бірліктер және олардың қолданылу ерекшеліктері әр халықтың эмоцияны білдіруге қатысты мәдени шартты ерекшеліктерінің көрсеткіші бола алады. Сонымен бұл мақалада сөздің эмотивті валенттілігінің ерекшеліктерін, оны тану жолдарын талдай отырып, осы бағыттағы зерттеулердің маңыздылығы көрсетілді.

Соңғы онжылдықтар шамасында эмотивтілік антропоцентристік лингвистикадағы көп талқыланатын мәселеге айналуға айналуда. Эмотивтілік феномені салыстырмалы тіл білімі тұрғысынан аз зерделенген. Бұл мақаланың мақсаты эмотивті валенттілікті зерттеп, оның лингвистикалық негіздемесін және коммуникативтік мәнін ашу болып табылады. Яғни эмотивті валенттіліктің тілдік бірліктердің өзге бірліктермен эмотивті байланысқа түсіп, сол арқылы өзінің эмотивті қызметін жүзеге асыру қабілеті екендігін көрсету. Бұл – эмотивті валенттілік сөйлеудегі тілдік бірліктердің эмоционалды-экспрессивті және экспрессивті-стистикалық үйлесім заңдылығы жөніндегі тезисті одан әрі дамыта жалғастыратын идея.

Зерттеу әдістері

Зерттеу материалы ретінде қазақ тілі ұлттық корпусының ішкі корпустарынан мысалдар талданды (<https://qazcorpora.kz/>). Сол арқылы ауызша және жазба мәтіндегі, контекстегі тілдік бірліктердің эмотивті әлеуетін, валенттілігін (тіркесімділік) ашу үшін салыстыру, салғастыру әдістерімен қатар, лингвомәдени, психолингвистикалық және синтаксистік талдау тәсілдері қолданылды. Материал ретінде алынған корпуста әзірге 5 141 248 (бес миллион бір жүз қырық бір мың екі жүз қырық сегіз) сөзқолданыс бар. Бұл әрбір сөздің тілдегі қызмет аясын, мағыналық өрісін, валенттілігін, эмотивті әлеуетін анықтауда кең әрі нақты нәтиже береді. Зерттеу жұмысы барысында эмотивтердің эмотивті мағынасын, валенттілігін ашу үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, sozdikqor.kz онлайн платформасы қолданылды [2–3].

Әдебиетке шолу

Тілдік бірліктердің валенттілігі мәселесінің тіл біліміндегі орны ерекше. Қазіргі зерттеулерде сөздің логикалық синтаксистік және лексика-семантикалық валенттіліктерінен бөлек интонациялық (Л.К. Цеплитис), ассоциативті-дыбыстық (А.В. Пузырев), ассоциативті (Т.Д. Гридина), мәндік немесе интерпретативті-мағыналық (А.Ф. Лосев), стилистикалық (Э.С. Азнаурова) валенттілік түрлері зерттеу нысандарына айналып үлгерді. Бұл үдеріс «валенттілік» ұғымын зерттегенде, тілді динамикалық жүйе ретінде талдау қажеттілігімен де байланысты.

В.И. Шаховский эмотивті семалар (эмосема) сөздің денотативті семасымен әралуан қатынаста болатынын [4, 82–89-б.] дәлелдейді. Сөздің семантикалық валенттілігі сөзде эмосемалардың пайда болуы себебінен кеңейіп отырады. Осылайша сөздің жаңа, қосымша эмотивті валенттілігі пайда болады дей аламыз. Бұл терминді ұсынған ғалым В.Шаховский оған мынадай анықтама береді: *«определяет его, как «способность данной лингвистической единицы вступать в эмотивные связи с другими единицами на основе явных или скрытых эмосем и, тем самым, осуществлять свою эмотивную функцию»* [5, 117-б.].

Тіл ғылымында «тіркесімділік» мәселесі «валенттілік» теориясымен байланыста қарастырылып келеді. Бұл терминнің ғылымға енуі ХХ ғасырды 40 жылдары С.Д. Кацнельсонның еңбектерінен бастау алған. Оның айтуынша, тілде бір сөз белгілі бір синтаксистік жағдайда ғана өзінің толық мағыналық қасиетін (қырын) көрсете алады: *«Это свойство слова, определенным образом реализоваться в предлодении, выступать в определенные комбинации с другими словами можно было бы назвать его синтаксический валентностью»* [6, 77-б.]. Бұл бағытты одан әрі дамыта зерттеген француз ғалымы Люсьен Теньер «валенттілік» терминін тек етістік сөз табына қатысты қолданып, өз теориясын ұсынады. Ал бұл теорияның басты ұғымдарының бірі – валенттілік. Аты айтып тұрғандай,

химия саласынан алынған бұл ұғым *өзіне валенттеу* мағынасын білдіреді. Ғалым етістіктерді I валентті, II валентті және III валентті деп бөледі. Бұлардан тыс, кейбір мысалдарда IV валентті және валентсіз етістік те кездеседі. Мыс., *өлу, жану, босады* – I валентті; *сую, жағу, босату* – II валентті; *беру, алу* – III валентті [7, 34-б.]. Соңғы жылдарда зерттеу нысанына өзге де сөз таптарын ала зерттей бастаған ғалымдар қатарында Ю.Д. Аפרсян, М.Д. Степанова, В.Г. Адмони, Н.Д. Шмелев, Н.И. Степаненколарды атап өткеніміз жөн.

Бұл тақырыпта қазақ ғалымдарының зерттеулерінде де негізді ой-пікірлер айтылған. Валенттілік теориясы жөнінде қазақ ғалымы М. Оразов: «*Валенттілік теориясы бойынша сөздер екінші бір сөзбен байланысқанда белгілі бір мағыналық және тұлғалық сыбайластығы жағынан ғана байланысады*», – деп сөздердің тұлғалық байланысуын сыртқы валенттілік деп атайды [8]. Тіл білімінде валенттілік мәселесіне қатысты А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов еңбектерінде беріліп, грамматиканың мақсаты жалғыз-ақ сөздің қандай мағыналары болатындығын баяндау ғана емес, қандай формаларға қандай мағыналар сәйкес келетінін баяндап, мағынаға сай сөзді қалай құрастыру керек екендігін баяндау деген пікір айтады [9, 126-б.].

Зерттеу жұмысымыздың міндетіне орай, жоғарыда аталған еңбектермен қатар эмотивті лингвистика саласында жазылған жұмыстардан да тұжырымдар шығардық. Мәселен, Ғалым Дж. Лахлан Маккензи *sentiment* (көңіл күй) және *confidence* (сенім) сөздерінің қаржылық журналистік дискурстағы функцияларын зерттейді. Ондағы мақсаты – сөздердің әдеттегі мағынасынан алшақ мәнде қолданатыны жөніндегі болжамды тексеру. Martin & White-тың функционалды семантика және бағалау теориясын сүйене отырып ғалым аталған сөздердің Гонконгтың қаржылық қызметтер онлайн корпусындағы қолданысын зерттейді. нәтижесінде *sentiment* және *confidence* сөздерінің жалпы тілдік қолданыста әртүрлі және әртүрлі валенттілікке ие болса да, қаржылық дискурста олардың көбіне синонимдер ретінде қолданылатыны анықталады. Бұл еңбектің қорытындысы бойынша нысанға алынған екі сөздің қолданылу тәсілдері (ерекшеліктері) журналистердің эмоцияның инверсторлардың шешім қабылдау кезіндегі шешуші рөл атқаратынын жақсы түсінгендігін көрсетеді.

Штеба Алексей Андреевичтің 2012 жылы қорғалған «Структурно-функциональный аспект эмотивных валентностей слова» атты кандидаттық диссертациясында *сөз* (жүрек) сөзімен келетін 3000-ға жуық тұрақты және еркін тіркестерді зерттей отырып, сөздің эмотивті валенттілігінің құрылымдық типтерін анықтайды. Сондай ақ сөздің эмотивті валенттілігінің ашылуы сыртқы және ішкі деңгейлерде жүзеге асатындығы жөнінде тұжырым жасап, эмосемалардың бес семантика-прагматикалық параметрін көрсетеді: (плотность, образность, ассоциативность, интенсивность и эстетичность) [10, 6-с].

А. Фуленнің «Сөздің валенттілігі және олардың әсері (тиімділігі)» («Word valence and its effects») атты мақаласы 2015 жылдары ерекше назарға ілініп, ғалымның когнитивті ғылымдар тұрғысынан мидың рационалды бөлігінен бөлек «адамзат ақылының бір жартысы – эмоционалды қабаты» жөніндегі ой-тұжырымдары осы бағыттағы көптеген зерттеулерге арқау болды. Автор тіл теориясында эмоциялар қандай рөл атқаруы тиіс деген сұраққа жауап іздейді [11, 244–247-бб.].

Талдау мен нәтижелер

Кейбір лингвистер лингвистикадағы эмотивтілікті жоққа шығарады. Мәселен, Е.М. Галкина-Федорук тілде эмоционалды лексика болмайды деген болжам жасайды. В.А. Звегинцев эмоциялар тіл құрылымына кірмейді деп есептейді. Ал Ш. Балли тілде бәрі эмоционалды деген пікір білдіреді. В.Г. Гак та барлық айтылымдар эмоционалды десе, Е.Ю. Мягкова тілдегі барлық лексика, сөз эмоционалды деп санайды [12, 41-б.]. *Ал біздің тұжырымдауымыз бойынша, эмоция – сөзге арқау болатын мотивация, ол тілді белгілі*

деңгейдегі *эмотивті құрылымға* айналдырады. Тілде бәрі *эмоционалды емес, бірақ қолданыста бәрі эмоцияны жеткізуге тура не жанана қызмет етіп тұрады.*

Тіл қызметінің сол тілдің құрылуына және дамуына әсері мол: тіл сөйлеуде жанданады және дамиды. Бұл ойдағы рационалды және эмоционалды дүниелердің онтологиялық бірлігіндей *эмотивті валенттілік феноменін* зерттеуде де ең басты позициялардың бірі саналады. Рационалдылық пен эмоционалдылықтың жеткізілуін (айтылуын) сөз мағынасының денотативті және *эмотивті аспектілерінің диалектикалық тұрғыдан ұйысуынан* табамыз. Жоғарыда талданған пікірлерден әрбір айтылымның өз табиғатында эмоционалды болатынын және ол эмоционалдылық адамдарға ылғи көрініп тұрмауы мүмкін екендігін анықтадық. Мағынаның психологиялық құрылымы туралы тезиске сүйене отырып, әрбір сөздің әралуан ассоциациялардан тұратын семантикалық жүйесі болатынын айта аламыз. Мұндай ойды Ш. Баллидің сөздің өзге сөздермен және ұғымдармен байланысы жөніндегі импликациялық және эмоциялық (айтушының эмоциясына қатысты эмоционалды айтылымда қолданылатын тілдік бірліктер семаларының үндестігі) қалыптастырушы бөліктері туралы пікірі бекіте түседі.

Жоғарыда талқыланған тұжырымдарға сай, әрбір сөздің *эмотивті валенттіліктері* болады. Демек сөз бұл валенттілікке ие болуы үшін тіпті жасырын болса да бір ғана эмосема жеткілікті.

Эмотивті семалар (эмосемалар) денотативті семалармен түрлі байланыста бола алады. Мәселен, сөйлеу контекстерінде денотативті семалар өзге бір референтті корреляцияға түсіп, сөздің семантикалық валенттілігін кеңейте түсетін жаңа эмосеманың пайда болуынан өзіне тағы бір мағына үстеп алуы мүмкін. Сәйкесінше бұл сөзге тағы бір жаңа – *эмотивті валенттілік* қосылады. Әрбір сөз өзге сөздермен тіркесімділігіне орай *эмотивті валенттілікке* ие. М.Д. Степанова мен Г. Хельбиг сөздің валенттілігі мен семалық құрамы арасында тығыз байланыс болатынын айтады. Бұл ой тілдік бірліктердің виртуалды және актуалды эмосемаларынан қалыптасатын *эмотивті валенттілікке* де қатысты деп ойлаймыз.

Сонымен *эмотивті валенттілік дегеніміз* – тілдік бірліктердің өзге бірліктермен *эмотивті* байланысқа түсіп, сол арқылы өзінің *эмотивті* қызметін жүзеге асыру қабілеті. Ғалым В. Шаховский бұл туралы валенттіліктің тілдегі тосын тіркестердің мәнін түсіндіре алатынын айтады: «*Это валентность объясняет, с одной стороны, всякие «неожиданные» оригинальные, даже «невероятные» сочетания, типа русс. тоска зеленая, желътенка жизнь, англ. Hair-butcher «парикмахер», put-doctor «психиатр». А с другой стороны, она объясняет тот факт, что некоторые сочетания, возможные на логико-семантическом уровне, оказываются невозможными на коннотативном из-за не стыкующихся друг с другом эмосем. Например, словосочетание половедь войны противоречит кругу ощущений, закрепленных в русской поэтической традиции, и является примером «авторской глухоты» в коннотативным нормам сочетаемости» [13, 7-с.].*

Лингвистикалық зертеулерден сөздің семантикалық жүйесі өзгеріп те, түрлі жағдаят пен контексті, соның ішінде – эмоционалды контекстерді қамтып та отыратыны белгілі (В. Никитин, В.Н. Телия, Э.С. Азнаурова, Д.Н. Шмелев, т.б.). Осы арада эмосемалардың сөздің негізгі мағынасына айналып, сол арқылы тілдік бірліктің *эмотивті валенттілігін* өзектендіруіне бір мысал келтірейік.

1-мысал. Ағылшын тілінде «*nice house*» тіркесі бар. Бұл тіркес әдетте *small* бағалауыштық-эмотивті сөзімен тіркесе бермейді: *small nice house* тіркесі мәтіндерде кездеспейді. Көбіне *little nice house* қолданылады. В. Шаховский сөзінше, *little* сөзінің мағынасындағы эмосеманың болуы егер анықталушы зат есімнің алдында бір немесе бірнеше эмосемалы *эмотивті* бағалауыштық сын есім тұрса, бұл семалардың бір біріне іріктеуші, икемделуші функциялары іске қосылатынын көрсетеді. Мысалдағы *эмотивті* семалар бір біріне тіркесуге ыңғайласып, бұл үш бірліктің *эмотивті валенттілік* қабілетін

ашады да, олардың байланысуына мүмкіндік береді. Ал бұл сөйлесімге қажетсіз (қатыссыз) семалар бейтараптанып, қолданыстан шығады [13, 9-с.].

Тілдегі барлық дерлік сөзде эмотивті валенттілік пайда болуы мүмкіндігіне қарамастан, бұл мысалдағы *small* сөзінің ашылмау себебі не? Бұған лингвистерге белгілі француз лингвисті М. Бреальдің *дистрибуция* заңдылығы жауап береді. Яғни тілдік бірліктердің эмотивті валенттілігі оларды сөйлесім жағдайына кірістіретін (немесе бейтараптандыратын) заңдылықтарды реттеуші нүкте дей аламыз.

Тілде эмотивті валенттілік арқылы морфологиялық деңгейде де тіл бірліктерінің тіркесім дифференциациясы жүзеге асады. Қазақ тілінен «қызсымақ», «қыздай», «қызға ұқсап» мысалдарын салыстырайық. Бұл мысалдар «ұқсас, сияқты» семасы бойынша синонимдес. Десек те «қыздай» мен «қызға ұқсап» мысалдарында сема нейтралды, ал «қызсымақ» сөзінде эмотивті бояу бар, яғни жағымсыз бағалауыштық эмосемаға ие. Екі дериваттың да қолданылуы айтушының ниетіне сәйкес қолданылады: белгілі фактіні білдіру (констатация факта) немесе эмоциялық бағалауыштық қатынас. Бұл айырмашылық сөздің түрлі формаларында көрініс табады, олай болмаса, айтушы оны ажырата таңдамас еді.

В. Шаховский бұл сөзге *salad days* сөзінің «the happy days of one's youth», «days of careful inexperienced youth» (My salad days when I was green in judgement...) (W. Shakespeare, Anthony and Cleopatra) мағынасы мен «hot summer days when you enjoy eating fresh cool salad» мысалындағы мағынасымен салыстырады [13, 269-б.]. Salad сөзі ауыспалы мағынадағы қолданысында эмотивті семантикалық валенттілігін «ашып», өзектенеді. Бұл мысалды қазақ тіліндегі шарасыз, дәрменсіз, сорлы, байғұс мәнін білдіретін «бейшара» сөзімен жалғастырайық:

Эмосемалардың амбиваленттілігі лексикалық және семантикалық валенттіліктер арасында сәйкессіздік тудырады (полисемия сияқты). Қазақ тілінде «бейшара» сөзі бар. ҚТТС: Бейшара – сын. Байғұс, мүсәпір, сорлы. ҚТАСТС: 1. Шарасыз, дәрменсіз. Бишара мұның досы қалған екен, Бұған да көп жараны салған екен («Бозжігіт». Ғашықнаме, 1976). 2. Сорлы, байғұс. Енді Абдулуаһап қадірлі сахабаны, Тар зынданға қойып алдылар бейшараны («Ғазауат сұлтан». Бабалар сөзі. 13-том. 2005. 100 томдық). Екі ғаріп бишара жолдас болып, Бәдіғұлжамал жөнінен құрдас болып («Сейфүлмәлік». Қисса-дастандар, 1986) [14; 15, 107-б.].

Бейшара бала күні бойы нәр татпапты.

Өз жағдайын жасай алмаған жан аяқ-қолы балғадай болса да міскін, бейшара, мүгедек...

Ей, бейшара не деп тұрсың көлгірсіп?

Мысалдарда бірінші сөйлемдегі бейшара – байғұс, шарасыз мәнінде болса, екінші – жағдайы нашар, аяныш сезімін тудыратын хәл, ал үшінші – сорлы, мүсәпір, ынжық.

Бұл мысалдарда бір лексикалық валенттілік үш түрлі семантикалық валенттілікке ие: Біреуі заттық-логикалық болса, қалған екеуі – эмотивті.

Сондай-ақ қазақ тілінде (өзге тілдерде де) адам бойының ұзындығын білдіру үшін *аласа бойлы қыз, қысқа бойлы адам* тіркестері жиі кездесіп жатады. Ал эмотивтілігі жағынан ауызша және көркем әдебиетте (көбіне) бұл сөздердің орнына *қортық, тышқан, тапал, мыртық, кішкентай, кіттай, «типшә», «бойы бір тұтам», тапалтақ* сөздері қолданылады. Бұл сөздерді бір-бірінен олардың эмотивті бояуы ажыратады. Ал заттық-логикалық тұрғыдан барлығының мәні – бойдың қысқалығы. Дериваттар айтушының энтелехиясына сай қолданыс табады және сөйлемде соған сай эмотивті мағынаны, бояуды иеленеді.

Енді бұл мысалдардың айырмашылығын сөйлем арқылы қарастырайық. Мысалымыздың сөздіктегі мағынасы: ССҚКС: **қортық** – сын. Тапалтақ, аласа, бақанақ; ез, ынжық, өлез, қораш. [16] ҚӘТС: с ы н. Аласа бойлы, тапалтақ, мыртық [14].

*Жасы бізден әлдеқайда үлкен көрінетін Алданыш **бойы өспей қалған қортық, тапал,** даудырай сөйлейтін, ақкөңіл бала еді (Қасымхан Бегманов. Алданыш).*

*Көздері жылтыңдаған, **тапал бойлы** Нұрғазыны сыныптастарының суқаны сүймейді. (Толымбек Әбдірайым. Бас) [2];*

***Бойың бір тұтам** болып ап, жағаласпайтын нәрсең жоқ екен. Кет әрі!*

*Өй, **қортық** неме! Бойыңа қарап алшы өзі.*

Алғашқы сөйлемде айтушының кейіпкер Алданышқа деген бағалауыштық мәнде айтылған *қортық, тапал* сөздерінің жағымсыз мәннен гөрі, бейтарап салқынқанды эмоциямен айтылғанын, ал келесі сөйлемде Нұрғазының тапал бойлылығына дейін ұнатпау сезімі жеткізілгенін байқаймыз. Ал соңғы сөйлемдерде адамды жақтырмау сезімі туындағанда айтушының оның мініне сай (тереңнен тиісу, шамына тию мақсаты да бар) сөз таңдау арқылы ішкі ашу, жақтырмау сезімі берілген. Сондай-ақ мысалдар сөздердің эмотивті әлеуеті оны қолданушының (сөйлеуші) талғауына сай құбылып, сөздер де соған сай эмотивті бояу алып отыратынын көрсетеді.

М. Белбаева «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» атты еңбегінде: «Жалпы халық тілінде адамдардың көңіл-күйі немесе белгілі бір затқа, құбылыстарға қатысты, оған қалай қарайтыны сияқты жағдайлармен байланысты түрлі көзқарасын білдіретін сөздері болады. Мысалы: *адал, арам, сұм, жауыз, ақын, шешен, көсем, лаң, дана*, т.б. Мұндағы сөз қуаттылығы оның өз бойындағы мәні мен реңіне де байланысты. Себебі жеке сөздер де табиғатында әр алуан. Мысалы, жоғарыда көрсетілген сөздердің бірі – кімді, нені болса да жай ғана атаса, екіншісі сондай қызметімен бірге өз бойында ерекше бір әсерлілік барын аңғартып тұр.

I. Кеңесбаев пен F. Мұсабаев авторлығымен шыққан «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде авторлар: «Қазіргі қазақ тілінде, басқа тілдердегі сияқты, сөйлеушінің бір затқа не құбылысқа эмоциялық көзқарасын білдіретін бір топ сөздері бар. Бұл категориядағы сөздерді тіл ғылымында эмоционалды лексика немесе эмоциялық мәні бар сөздер дейді. ...Сөйлеуші *орман, көл, үй, бес, ол* тағы басқа сөздерді айтқанда бұл заттардың атауында ешқандай эмоционалды мән болмайды. Ал кейбір сөздерде, құбылыстардың атауларында жақсы немесе жаман қатынасты, психологиялық күйді көрсететін реңктер болады. Мысалы, *айналайын, оңбаған* дегендер тек белгілі бір тиянақталған сөйлеушінің ой-күйін білдіреді. Эмоциялық лексика белгілі бір затқа құбылысқа, қауымның бағасын аңғартады», – деп жазады [14, 178-б.].

Сонымен қатар тілдегі эмоцияны тек сипаттайтын сөздердің эмотивті болмайтынын айта кеткен жөн. Себебі сөйлеуші сөйлеу актісінде ол сезімді, күйді басынан өткермей, тек жанама түрде белгілеуі мүмкін. Десек те мұндай белгілердің нағыз эмотивті сөйлемдерден алыс тұрмайтын сәттері де болады. Яғни эмоцияны білдіруші синтаксистік және просодикалық сипаттағы (интонация, эллипсис, қайталау, т.б.) белгілермен бірге кездесіп жатады. Оған мынадай мысал келтірейік: *Ұлттық аударма бюросы мен Bilim Foundation қоры бірлесе отырып дайындаған «Денсаулық және өмірлік дағдылар» атты кітаптар сериясы мен жасөспірімдер арасында жиі кездесетін үрей, қорқыныш, ұялу, ашулану, қателесуден қорқу, депрессия, мазасыздану сияқты жағдайларды жеңуге, сабырлы болуға, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынас орнатуға жән өзiне деген сенiмдi қалыптастыруға үйретедi* [2].

Берілген сөйлемдерде эмоцияны *білдіретін үрей, қорқыныш, ұялу, ашулану, қорқу, мазасыздану* сөздері эмотивті бола алмайды, себебі бұл сөйлемді қалай оқысақ та, орнына басқа сөздер қойып оқысақ та автордың оқырманға жеткізер ойы басқа. Яғни эмоция бұл жерде ілеспейді. Десек те кез келген сөйлемде, айтылымда автордың ішкі күйіне (мейлі ол ерекше эмоцияны басынан кешірмесе де) сай эмоциялық толқыныс болады. Бірақ бәрінде эмоцияны жеткізу мақсат етілмейді.

Қорытынды

Сонымен стандартты эмоционалды жағдаяттарда белгілі бір тілдік ортаның өкілдері сезімді бірдей бастан кешіріп, бірдей білдіреді. Әлбетте, әрбір индивидтің белгілі типке түскен эмоциясы бар, ол өзінің тәжірибесі мен таным-түсінігіне сай жеткізіп-қабылдап отырады, бірақ әлеуметтік (жалпы қоғамдық) тәжірибе шеңберінде. Осы нәрсе тілге түскен эмоцияның дифференциациясын оның эмотивті мағынасы немесе тілдік құралдар арқылы көрсетуге септігін тигізеді. Яғни тілдік қарым-қатынас кезінде айтушы тарапынан жағдаятқа сай эмотивті лексика таңдалады. Дәл осы үдеріс субъектінің ой-санасын бақылауға мүмкіндік беретін код шеңберінде жүзеге асады дей аламыз. Жоғарыда талданған мысалдардан байқағанымыздай көп жағдайда эмотивті мағынаны коммуниканттар белгілі модельде түсіреді. Осы тұрғыда сөздердің сөздердің эмотивтілігі мен эмотивті валенттілігін тану тілдік қарым-қатынаста ерекше маңызға ие. Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі мысалдар арқылы тілдегі эмотивтілік мәселесі ашылды, сондай-ақ әрбір сөздің эмотивті валенттілігі семантикалық тұрғыдан зерделенді. Тілдегі бұрын соңды кездеспеген, не көпшілік қабылдай алмайтын түрлі тіркестердің «тоска зеленая», «жаман жақсы көру», т.б. осы «сөздің эмотивті валенттілігі» арқылы түсіндіре аламыз.

Тілдегі бұрын соңды кездеспеген, не көпшілік қабылдай алмайтын түрлі тіркестердің «тоска зеленая», «жаман жақсы көру», т.б. осы «сөздің эмотивті валенттілігі» арқылы түсіндіре аламыз. Тілдегі эмотивтілікті талдай келе, тілдік бірліктер арқылы берілетін эмоцияның келесі сипаттарын бөліп көрсетуге болады:

- а) санада эмоцияның тікелей сезімдер, бастан кешіріп жатқан күй ретінде берілуі;
- б) эмоцияның психофизиологиялық сипаты: бір жағынан аффективті толқу, енді бірі – органикалық байқалуы;
- в) эмоцияның айқын берілген бояуы.

Тілдік қарым-қатынастың басты мақсаты адамдарың бір-бірін түсінісуі, байланыс құруы болса, сол қатынаста эмоциялық ойдың анық жеткізіліп, дәл қабылдануы осы бағыттағы тілдік, лексикалық, семантикалық талдаулармен ашыла түседі. Қазақ ғалымы А.Байтұрсынұлы лұғат (тіл) анықтығы туралы былай дейді: «Айтылған лебіз ашық мағыналығ түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек». Тіл дәлдігі ұғымына сөз мағынасының сәйкес келуі жатады. Ғалымның ұғымға сөз дәл келуі үшін сөздің мағынасын дұрыс ажырата білуіміз керектігін баса айтуы бекер емес: *«Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе амәндес сөздер. Амәндес сөздер деп мағынасы жақын сөздер айты-лады. Мәселен, батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер»* [17, 153-б.]. Бұл жерде А. Байтұрсынұлы *амәндес сөздер* деп қазіргі қазақ тілінде синоним сөздер деп қолданылып жүрген терминді айтып отырғандығын пайымдауға болады. А. Байтұрсынұлы *батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік* сияқты сөздерді мысалға келтіре отырып, мұның бәрі батырлық мәнін көрсеткенімен, әрбірінің өз өңі бар екендігін айтады. Яғни ішкі күйге сай, өңін таңдамай сөздердің бірінің орнына бірін айтса, тіл дәлдігіне кемшілік келтіреді.

Әрине, тіл өз қолданушысына сай икемделеді, әр қолданушы өз таным көкжиегіне, тілдік қорына сай сөз құрап, тілдік қатынасқа түседі. Мінездің ұлттық және психологиялық ерекшелігі дегеніміз – сезімдер мен эмоцияның, мінез-құлық пен ой бейнесінің ұлттық-мәдени колориті. Осы әдеттер мен дәстүрдің ұлттық сипаттары күнделікті тұрмыс пен сол этностың тарихи дамуы әсерінен қалып таба отырып, ұлттық мәдениет сипаттамасынан орын алады. А.Н. Леонтьев мынандай құнды пікірді алға тартады: «эмотивтер сезілмеген уақытта да олар өздерінің психикалық бейнеленуін ерекше формада – әрекеттің эмоционалды бояуы формасында табады». Демек бұл бағыттағы зерттеулер, көппарадигмалы зерттеулер тоғысында жан-жақты талдау жасап, дәлелдеуді қажет ететін мәселелерге жол ашады.

Қысқартулар

1. ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі
2. ҚТАСТС – Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі
3. ССҚКС – Сөз сандық, Қазақтың көне сөздері
4. ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ларина Т.В. Прагматика эмоций в межкультурном контексте // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Лингвистика. – 2015. – №1. – С. 144–163.
2. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazcorpora.kz/> (Қаралған күні: 30.08.2022)
3. Қазақша түсіндірме сөздік. [Электронды ресурс]. URL: <https://sozdikqor.kz/> (Қаралған күні: 28.08.2022)
4. Шаховский В.И. Особенности мужской и женской речи в русском языке в аспекте лингвистической теории эмоций. – Волгоград: Перемена, 1982. – С. 82–89.
5. Шаховский В.И. Лингвистическая теория эмоций: Монография. – Гнозис, 2008. – 117 с.
6. Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание. Изд. 2, доп. – М.: Книжный дом «Либроком», 2010. – 344 с.
7. Теньер Л. Основы структурного синтаксиса. – М.: Прогресс, 1988. – 489 с.
8. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы: Мектеп, 1980. – 176 б.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 582 б.
10. Күркебаев К. Өлең мәтініндегі етістіктердің семантикалық тіркесімділігі // ҚазҰУ хабаршысы Филология сериясы. – 2012. – №1 (135). – Б. 125–131.
11. Штеба А.А. Структурно-функциональный аспект эмотивных валентностей слова: автореф. ... канд. филол. наук. – Волгоград: Книга, 2012. – 24 с.
12. Foolen A. Word valence and its effects. In U.M. Lüdtke (Ed.), *Emotion in language: Theory – research – application*. John Benjamins Publishing Company Ulrike M. *Emotion in Language: Theory – research – application*, 2015. – P. 241–256.
13. Шаховский В.И. Эмоции: Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. – М.: Книжный дом «Либроком», 2010. – 128 с.
14. Шаховский В.И. Значение и эмотивная валентность единиц языка и речи. // Вопросы языкознания. – 1984. – №6. – С. 97–104.
15. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 658 б.
16. Қайыржан К. Сөз сандық. Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013. – 480 б.
17. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-т. Тіл – құралы. – Алматы: Алаш, 2005. – 352 б.

REFERENCES

1. Larina T.V. Pragmatika emocij v mejkulturnom kontekste [Pragmatics of emotions in an intercultural context] // Vestnik Rossiyskogo universiteta drujby narodov. Serii: Lingvistika. – 2015. – №1. – S. 144–163. [in Russian]
2. Qazaq tilinin ulattyq korpusy. [National Corps of the Kazakh language] [Elektronды resurs]. URL: <https://qazcorpora.kz/> (Qaralğan kuni: 30.08.2022) [in Kazakh]
3. Qazaqsha tusindirme sozdik [English Explanatory Dictionary]. [Elektronды resurs]. URL: <https://sozdikqor.kz/> (Qaralğan kuni: 28.08.2022) [in Kazakh]
4. Shahovskiy V.I. Osobennosti mujskoi i jenskoj rechi v russkom iazyke v aspekte lingvisticheskoj teorii emocij [Features of male and female speech in the Russian language in the aspect of the linguistic theory of emotions]. – Volgograd: Peremena, 1982. – S. 82–89. [in Russian]
5. Shahovskiy V.I. Lingvisticheskaia teoriia emocij: Monografiia [Linguistic theory of emotions. Monograph]. – Gnozis, 2008. – 117 s. [in Russian]

6. Kacnelson S.D. Obshee i tipologicheskoe iazykoznanie [General and typological linguistics]. Izd. 2, dop. – M.: Kniznyi dom «Librokom», 2010. – 344 s. [in Russian]
7. Tenier L. Osnovy strukturnogo sintaksisa [Basics of structural syntax]. – M.: Progress, 1988. – 489 s. [in Russian]
8. Orazov M. Qazirgi qazaq tilindegi qalyp etistikteri [Verbs of mold in the modern Kazakh language]. – Almaty: Mektep, 1980. – 176 b. [in Kazakh]
9. Jubanov Q. Qazaq tili jonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1999. – 582 b. [in Kazakh]
10. Kurkebaev K. Olen matinindegi etistikterdin semantikalıyq tirkesimdiligi [Semantic combination of verbs in the text of the poem] // QazUU habarshysy Filologiya seriiasy. – 2012. – №1 (135). – B. 125–131. [in Kazakh]
11. Shteba A.A. Strukturno-funktionalnyi aspekt emotivnyh valentnostei slova: avto-ref. ... kand. filol.-h. Nauk [Structural and functional aspect of emotive valences of the word: abstract ... Candidate of Philology. Sciences]. – Volgograd: Kniga, 2012. – 24 s. [in Russian]
12. Foolen A. Word valence and its effects. In U.M. Lüdtke (Ed.), Emotion in language: Theory – research – application. John Benjamins Publishing Company Ulrike M. Emotion in Language: Theory – research – application, 2015. – P. 241–256.
13. Shahovskiy V.I. Emocii: Dolingvistika, lingvistika, lingvokulturologiya [Emotions: Pre-linguistics, linguistics, linguo culturology]. – M.: Kniznyi dom «Librokom», 2010. – 128 s. [in Russian]
14. Shahovskiy V.I. Znachenie i emotivnaia valentnost edinic iazyka i rechi [Meaning and emotive valence of language and speech units] // Voprosy iazykoznanii. – 1984. – №6. – C. 97–104. [in Russian]
15. Mamyrbekova G. Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 2017. – 658 b. [in Kazakh]
16. Qaiyrjan K. Soz sandyq. Qazaqtyn kone sozderi [The word box. The ancient Kazakh words]. – Almaty: Oner, 2013. – 480 b. [in Kazakh]
17. Baitursynuly A. Bes tomdyq shygarmalar jinagy. – 3-t. Til – quraly. [Collection of works in five volumes. – 3-t. Language-tool]. – Almaty: Alash, 2005. – 352 b. [in Kazakh]